

Салықжанов Ринат Саттарұлы
СТУДЕНТ ЖАСТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ТОП РЕТІНДЕГІ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

(Ә.Ғ.К., әлеуметтану кафедрасының доценті,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.)

Аннотация

Мақалада студент жастар әлеуметтік топ ретінде талданған. Қазақстандағы жоғары оқу орындар мен жастар, студенттер саны келтірілген.

Студент жастар арасындағы сапалы өзгерістердің негізі талданған. Автор өзінің қортындыларында студент жастардың арасындағы өзгерістерге әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың ықпалы бар екенін ескерген.

Аннотация

Мақалада студент жастар әлеуметтік топ ретінде талданған. Қазақстандағы жоғары оқу орындар мен жастар, студенттер саны келтірілген.

Студент жастар арасындағы сапалы өзгерістердің негізі талданған. Автор өзінің қортындыларында студент жастардың арасындағы өзгерістерге әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың ықпалы бар екенін ескерген.

Summary

In this article was given an analysis of peculiarities of students as a social group. There is a data of changes in quantitative structure of youth, students and Higher Educational Institutions of Kazakhstan.

The qualitative changes in the medium of students are reasonable. Author in his conclusions considers the impact on social and economic transformations on stratification differences in medium of students.

Студент жастар дегеніміз - өзіндік мақсаттары, өмір сүру ортасы, ерекше еңбек реті, әлеуметтік ғадеті және психологиясы, бағдарлар жүйесі болатын жастар деген үлкен әлеуметтік-демографиялық топтың ірі әлеуметтік категориясы.

Студент (лат. *studens, studentis*) – жоғары, кей мемлекеттерде орта оқу орындарында білім алушы. Ежелгі Рим мен Орта ғасырларда тану үдерісімен шұғылданатын кез-келген тұлғаны студент деп атаған. XII ғасырда университеттердің ашылуына байланысты «студент» терминін университеттерде білім алушылар мен ұстаздарға қатысты пайдаланған; ұстаздар үшін ғылыми атақтар енгізілгеннен кейін тек білім алушыларға қатысты қолданыла бастады.

«Студент» терминін жастардың белгілі бір көлемімен, жастық-

жыныстық құрылымымен, аумаққа бөлінуімен сипатталатын әлеуметтік-демографиялық топпен байланыстырамыз. Сонымен қатар, олардың белгілі бір қоғамдағы орны, рөлі, статусы бар екенін мойындап және жастардың басым көпшілігі өткеретін және белгілі бір әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерімен анықталатын әлеуметтенудің кезеңі, өзгеше фазасы ретінде қарастыруымыз жөн. Дегенмен олар жастардың бір бөлігі. Соңғы он жылда олардың саны ҚР статистика агентігінің деректеріне жүгінсек ұдайы өсу көреткіштерін байқатады [1].

Қазақстандағы 1999-2009 жылдардағы жастардың саны (мың адам)

	1999	2006	2007	2008	2009
Халық саны	14955	15219	15396	15571	15776
Жастар саны	4093	4521	4569	4569	4608

Студенттер ерекше топ ретінде XII ғасырда Еуропада алғашқы университеттердің пайда болуымен қалыптасты. Ортағасырлық студенттік әлеуметтік және жас шамасы тұрғысынан біртекті болмады. Капитализмнің дамуымен және жоғары білімнің әлеуметтік мәнінің өсуімен қоғам өмірінде студенттіктің рөлі өсті. Бүгінгі күнде студенттер – білікті кадрлар мен интеллигенцияны толықтырып отыратын ресурс көзі ғана емес, сонымен қатар саны көп және маңызды әлеуметтік топ.

Жоғары білім ақысының жоғары болуы және басқа да әлеуметтік кедергілердің болуы оны қоғамның «қалталы» қабаттарының мүшелеріне ғана қолжетімді етті және «қолжеткізген» адамдар үшін белгілі бір артықшылықтар берді, алайда XIX-XX ғ. басында студенттер жоғары саяси белсенділікпен ерекшеленіп, қоғам өмірінде елеулі рөл атқарды [2].

Ғылыми техникалық революция студенттердің орны мен құрамын елеулі өзгерістерге ұшыратты. Білімді кадрларға мұқтаждық студенттердің абсолютті санының және бұқараның басым бөлігінде, әсіресе, жастар арасында жылдам көбеюіне алып келді. ЖОО-ды ірілендіргеннен соң студенттердің концентрациясы күшейді, студент қалашықтарында адамдар саны өсті. Жоғары оқудың бұқаралануы оның элитарлығын жоққа шығарып, студенттердің әлеуметтік шығу тегі университетте оқуға кедергі бола алмайтын болды. Студенттердің жас-жыныстық құрылымында да өзгерістер болды, әйелдердің саны өсті.

Әлеуметтік шығу тегіне, яғни, материалдық мүмкіндіктерінің әр түрлілігіне қарамастан, студенттер ортақ әрекет түрімен байланысты және белгілі бір әлеуметтік-кәсіби топты құрайды. Ортақ әрекет пен белгілі бір аймақта шоғырлану студенттерге мүдделердің ортақтығын, топтық сана, өзгеше субмәдениет пен өмір сүру салтын тудырады және бұл жас шамасының гомогендігімен қуатталады, себебі басқа әлеуметтік-кәсіби топтарда мұндай ерекшелік жоқ. Бұл әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері бар қауым бірқатар саяси, мәдени-ағартушылық, спорттық және тұрмыстық студенттік ұйымдардың аясында өзіндік әрекеттерімен

ерекшелінеді.

Студенттердің өндіріс жүйесінде өз орны жоқ, студенттік статус уақытша болып табылады, студенттердің қоғамдық жағдайы мен оның өзіндік мәселелері қоғамдық құрылымның сипатымен анықталады және мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық, мәдени даму деңгейінің, жоғары оқу жүйесінің ұлттық ерекшеліктері негізінде нақтыланады.

Студенттердің өзіндік ерекшеліктерінің қатарына бірнеше типтік сипаттарды жатқызуға болады. Ең алдымен, әлеуметтік мәртбе – типтік сипаттың бірі. Жоғарыда айтылғандай, студенттер жастардың салыстырмалы түрде алғанда болашақ өмірге неғұрлым дайын, білімді бөлігі және бұл оларды жастардың алдыңғы шектегі топтарының бірі етеді. Бұл өз кезегінде, студенттердің жас психологиясы өзіндік ерекшеліктерінің қалыптасуына алғышарт болады.

ЖОО-ны аяқтап жоғары білім алу туралы арманын жүзеге асырған көп студенттер ЖОО-ның, жастардың әлеуметтік алға жылжуының бір құралы екенін ұғынады, ал бұл әлеуметтік алға жылжу психологиясының қалыптасуына жол ашады.

Жоғары білім алудағы ортақ мақсат, еңбектің бір сипатта болуы – оқу, өмір сүру үлгісі, ЖОО-ның қоғамдық істеріне белсене араласуы студенттер арасында бірегейлікке алып келеді. Бұл студенттердің ұжымдық әрекет формаларының көптігінде көрініс табады.

Қоғамның әр түрлі әлеуметтік институттармен белсенді өзара іс-әрекетінің және ЖОО-ғы оқу ерекшелігінің студенттік қарым-қатынас мүмкіндігін жоғарылатуы басқа маңызды ерекшелік болып табылады. Сондықтан, араласудың жоғары жітілігі – студенттердің өзіндік сипаты.

Өмірдің мәнін іздеу, жаңа идеялар мен қоғамдағы прогрессивті өзгерістерге ұмтылу – студенттердің әлеуметтік маңызды сипаты. Бұл ұмтылыстар оң фактор болып табылады. Алайда, әлеуметтік тәжірибенің жеткіліксіздігінен, өмірдің бірнеше құбылыстарын жете бағаламау арқылы кейбір студенттер кемшіліктерді әділ сынаудан ойсыз сыншылдыққа өтуі мүмкін.

Біздің қоғамдағы түбегейлі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жоғары мектепке бірдей ықпал етпеді. Бір жағынан, ол (жоғары мектеп) жаңашалану мен дамуда күшті серпінге ие болса, қоғамның жаңа талаптары мен жоғары білім, оның мазмұндық, технологиялық және ұйымдастырушылық құрылымдары арасындағы қарама-қайшылықтар біртіндеп шешілуде. Мұның терең оң мәні бар. ЖОО-да дәстүрлі емес діни әрекетерге тыйым салынған, академиялық еркіндік пен дербес кеңістігі кеңейді, мамандықтар (баяу болса да) мен оның тізімдемесі жаңашалануда. Тапшы кәсіптер: металлургтер, әлеуметтанушылар және т.б. бойынша мамандарды даярлау көбеюде. Жоғары оқудың ақылы формалары пайда болды, бұл олардың арасында бәсекелестікке жол ашты.

Кейде бұл үдерістер қиыншылықсыз өтпейді, себебі жоғары оқу ішіндегі қайта құрылымдауды қажет етеді: кей мамандықтар беделі тез көтерілсе, басқаларыныкі – төмендеуде, студенттер арасында әлеуметтік жіктелумен

қатар, ЖОО-ның, факультеттер мен мамандықтарының студенттер арасында да әлеуметтік жіктелу күшеюде. Бұл жоғары мектептегі жаңашаланумен келетін нәтижелер.

Екінші жағынан, білім саласында нақты мемлекеттік саясаттың қажетті қаржы салымдарының болмауы, ЖОО-ның коммерциалануына байланысты күткен нәтижелердің ақталмауы жоғары білім үшін теріс нәтижелерге алып келеді. Бұл - төмен жалақыға, өмір сүру деңгейінің төмендігіне, жоғары әлеуметтік мәртебенің түсуіне, кадрлардың қартаюына байланысты ЖОО мұғалімдері мен ғылыми қызметкерлері санының қысқаруы, олардың еңбек ету тәртіптері біртіндеп бұзылуы, ғадеттің әлеуметтік-статустық және кәсіби стандарттардың жоғала бастауы. Көптеген ЖОО-да оқу үдерісінің материалдық құрылымдары де қанағаттанарлықсыз жағдайда: оқу ғимараттары, құрал-жабдықтар, кітапханалық қорлар.

Осылайша, оң және құрылымды бұзатын үдерістердің қарама-қайшы өзара әрекеті Қазақстандық жоғары білімде күрделі, драмалық жағдайды қалыптастырды.

Студенттердің әлеуметтік сипатын аша отырып, қоғамда болған түбегейлі өзгерістерді де: негізгі институттардың стратификациялық мінездемелерінің, басты құндылықтардың трансформациясын ескеру қажет. Осы үдерістердің барлығы (қоғамдағы да, жоғары оқудағы да) студенттік өмірде өзіндік көрініс табуда. Студенттердің мемлекетпен (көп кәсіптердің сұранысқа ие болмауы, ЖОО бітірумен байланысты міндеттің болу мен «өтеудің» болмауы), мұғалімдермен, ата-аналармен өзара қарым-қатынасы өзгеруде. Осының нәтижесінде, бүгінгі күнгі студенттік өмір көп қырлы сипат алуда [3].

Студент жастардың мәселелерін зерттеу жалпы жастар мен қоғамның әр түрлі топтарының даму үрдісін айқындауға көмектеседі, себебі студенттік жастар ортасында бүкіл қоғамға жуық және орта мерзімді болашаққа тән үдерістер шоғырланады.

Студенттерді зерттеу оларды мемлекеттің келешегінде интеллектуалды әлеуеті болатын ескеріп, үнемі жаңарып отыратын динамикалы әлеуметтік топтың өкілдері ретінде тану, сонымен қатар жаңа буынның өмір сүру үлгісі мен оны тәрбиелеуді жетілдірумен байланысты. Осы топтың дамуынан Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік-саяси келешегі қандай болады деген сұраққа жауап табуға болады.

Біздің еліміздегі әлеуметтік-біліми жағдайдың өзгеруі, жас ұрпақтың әлеуметтік-кәсіби айқындалуындағы жаңа үрдістердің пайда болуы студент жастардың әлеуметтік топ ретіндегі мәселелерін зерттеу қажеттілігін туғызды. Оны интеллектуалды-игілікті саралау мен құндылықтық бағдарларын ұғынуға қажеттілік бар.

Бүгінгі күнде, көптеген зерттеулер студенттердің саясаттан оқшаулану үдерісі бар екенін көрсететді. Оны тоқтатуда, біздің пікірімізше, қазақстандық әлеуметтану ғылымының рөлі зор. Әлеуметтанулық зерттеулер арқылы, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар жүйесіндегі әлеуметтанулық ғылымның ерекше орнын анықтау арқылы студенттердің

заманауи саяси мәдениетінің мәнін, оның жоғары деңгейінің қалыптасу жолдарын ашу мүмкіндігі туатыны анық.

Еуропалық мемлекеттердегі қоғамның әлеуметтік құрылымында алғашқы университеттердің ашылуынан кейін студент жастар әлеуметтік топ ретінде пайда болды. Студенттердің мәселелерін қоғамтанушылар, әсіресе тарихшылар әр кезеңдерде зерттелген. Кеңестік кезең дәстүрлерінде зерттеулер конъюктуралық сипатта болды және саяси өмір үдерістері студенттердің орнын анықтауға бағдарланған, олар кеңес одағының саяси партиясының әлеуметтік базасы мен негізгі қоры ретінде қарастырылды.

XX ғ. ортасынан бастап батыс зерттеушілері жастар, соның ішінде, студенттердің мәселелеріне қызығушылық туғыза бастады. Психологиялық, әлеуметтанулық, әлеуметтік-саяси мәндегі жұмыстар хиппи және басқа да ресми емес жастар бірлестіктерінің қозғалыстарын ұғынумен байланысты жарық көре бастады.

Осымен қатар, қолданбалы зерттеулер жүргізуде, әр түрлі әлеуметтанулық мектептердің түрлі қорытындыларының эмпирикалық ақпаратын талдауда қиыншылықтар туды. Зерттеу әдістерінің жеткіліксіз жасалуы, респондеттерді таңдаудағы қателіктер және репрезентативтілік болмауы жастардың өмірлік мақсаттары мен ұстанымдарына қатысты қате болжамдардың жасалуына себеп болды.

Елімізде соңғы жылдары студенттер саны азайп, ЖОО саны көбейіп келеді [4].

Оқу жылдары	2003/04	2004/05	2005/06	2006/07	2007/08	2008/09	2009/10
Студенттер саны	658106	747104	775762	768442	717053	633814	610264
ЖОО саны	180	181	181	176	167	143	148

Бұдан біз кейбір аймақтардағы халық саны өсуі, экономикалық тұрақтылық пайда болуын көреміз. Өйткені жаңадан ашылған оқу орындар көбінесе ақылы оқытады.

Болашақта біздің болжауымызша студенттер саны қайта өседі. Демек, бұл орта да тұрақтылық, біркелкілік болмайды. Бұның өзі жоғарыды айтқан жастар арасында, студенттер арасында әлеуметтанулық зерттеулердің қажеттілігін айқындаса, екіншіден зерттеу жүргізгенде қиыншылықтар туғызады. Қалайда болса қазақстандық жастарды зерттеудің өзектілігін айғақтайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. <http://www.stat.kz/digital/obraz/Pages/default.aspx>
2. Манько Ю.В., Оганян К.М. Социология молодежи. (Учебное пособие.) – СПб.: ИД «Петрополис», 2008. – 316 с.
3. Рынок труда и высшее образование в Казахстана / А.Т. Забирова, С.Б. Тағаева және басқалар. – астана, 2008. – 261 с.

4. <http://www.stat.kz/digital/obraz/Pages/default.aspx>